

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 тамыздағы N 742 Қаулысы

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай еншілес мемлекеттік кәсіпорындарды құруға рұқсат берілсін:

"Микроорганизмдердің республикалық коллекциясы", Астана қаласы, Уәлиханов көшесі, 43 ;

"Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты", Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Гвардейский қала типтес кент;

"Өсімдіктердің биологиясы және биотехнологиясы институты", Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 45.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*